

**Жаңақала ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 18 қаңтардағы № 5 "Жаңақала ауданы бойынша 2022 жылға мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 21 қарашадағы № 215 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Жаңақала ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жаңақала ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 18 қаңтардағы № 5 "2022 жылға арналған Жаңақала ауданы бойынша мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыптағы "мүгедектер" деген сөздер "мүгедектігі бар адамдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Жаңақала ауданы бойынша тізімдік саны бар ауыр жұмыстары, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота жұмыскерлердің екі пайыз мөлшерінде белгіленсін."

2. "Жаңақала ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде оның көшірмесін электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Батыс Қазақстан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулының Жаңақала ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жаңақала ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК